



# ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ СӘУЛЕТ

ХБК «ҚАЗАҚ БАС  
СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС  
АКАДЕМИЯСЫ»  
КАМПУСЫНЫҢ ГАЗЕТИ  
2009 ж. 25 қыркүйектен  
бастап шығады  
Қараша № 11 (116)  
Ноябрь 2019

## СТРОИТЕЛЬСТВО И АРХИТЕКТУРА

### IX-й Международный фестиваль архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии

*Казахская головная архитектурно-строительная академия и Ташкентский архитектурно-строительный институт (ТАСИ) приветствуют гостей и участников IX-Международного фестиваля архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии в г.Ташкент (Узбекистан)!*

Знаменательно, что Фестиваль проводится в Год Казахстана в Узбекистане и еще раз демонстрирует дружбу и согласие между нашими странами.

В 2019 году участники IX-Международного фестиваля благодаря поддержке Самаркандского государственного архитектурно-строительного института им. М.Улугбека (СамГАСИ) и Бухарского инженерно-технологического института (БИТИ), посетят не только столицу Узбекистана, но и древние жемчужины Востока Самарканд и Бухару.

От имени организаторов и участников Международного фестиваля архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии благодарим ректора ТАСИ Равшана Раходовича Хакимова, ректора СамГАСИ Султана Илёсовича Ахмедова, ректора БИТИ Нусрата Ражабовича Баракаева за поддержку, гостеприимство и высокий уровень организации!

Отдельную благодарность выражаем Министерству строительства Республики Узбекистан в лице первого заместителя министра Шерзода Саиджоновича Хидоятова и генконсулу Республики Узбекистан в Казахстане Аброру Джамхангировичу Фатхуллаеву за поддержку нашей идеи о проведении IX-Международного фестиваля в Узбекистане.

14 ноября 2019 года архитектурно-строительные и дизайнерские школы Евразии и гости Фестиваля соберутся на знаменитой площадке Узбекистана – УзЭкспоЦентр. В этом году в Фестивале участвуют 80 вузов из 17 стран Евразии, представители 43 вузов примут участие в его работе. 15 ноября состоится Международный смотр-конкурс лучших выпускных работ архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии. Международное жюри смотр-конкурса провело колоссальную работу, рассмотрев 534 дипломных проекта и магистерских диссертаций. Казахстан представят бо-

лее 90 работ из 16 вузов, занявших призовые места в республиканском смотре-конкурсе выпускных работ по номинациям «Бакалавриат» и «Магистратура». Итоги будут подведены на закрытии Фестиваля. Лучшие работы удостоят дипломами I, II или III степени, престижность которых уже оценена профессионалами.

Большой вклад в развитие Международного фестиваля вносят наши со-организаторы генеральный секретарь Союза инженеров и архитекторов Тюркского мира Ильяс Демирчи и генеральный директор Международной организации ТЮРКСОЙ Дюсен Курабаевич Касеинов. Ежегодно на площадке Фестиваля они отмечают особыми дипломами и подарками строительные компании и организации, отличившиеся своими интересными научными проектами или реализованными объектами в своей стране.

Хочется отметить особую роль Совета Попечителей КазГАСА в организации Фестиваля. Благодаря поддержке Ассоциации строителей Казахстана компании Элитстрой, ПА «KAZGOR», ТОО «DNT Center Stroy», ТОО «ГеоСтройИнвест» и большая делегация КазГАСА в этом году выезжает на Фестиваль.

Вместе с коллегами из ТАСИ, СамГАСИ и БИТИ мы постараемся создать дружескую атмосферу и возможности для знакомства с культурой и национальными особенностями стран-участниц, обмена опытом и идеями для дальнейшего развития архитектурно-строительной и дизайнерской отрасли.

*Желаем всем процветания и расширения границ Международного фестиваля архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии!*

*Ж.С. Такенова,  
руководитель проекта,  
декан ФООД КазГАСА*



### МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНКУРС ЛУЧШИХ ВЫПУСКНЫХ РАБОТ В УЗБЕКИСТАНЕ

Международный конкурс лучших выпускных работ архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии – одно из ключевых мероприятий, традиционно проводимых на базе зарубежного вуза по инициативе Казахской головной архитектурно-строительной академии под руководством президента КазГАСА, профессора А.А. Кусаинова.

Впервые участников конкурса в 2009 г. принял Турецкий Университет Малтепе. В дальнейшем конкурсы прошли в Казахстане (Алматы, КазГАСА, 2011 г.), в Турции (Стамбул, Йылдызский технический университет, 2013 г.), Кыргызстане (Иссык-Куль, 2014 г.), Италии, при поддержке Фонда Ромуальдо дель Бианко (Флоренция, 2015 г.), Северном Кипре (Лefкоша, Ближневосточный университет, 2016 г.), России (Самара, Самарский государственный технический университет (АСИ), 2017 г.) и Молдове (Кишинев, Технический Университет Молдовы, 2018 г.).

Очередной, IX Международный фестиваль архитектурно-строительных и дизайнерских школ Евразии пройдет 14-18 ноября 2019 г. в Узбекистане при поддержке Ташкентского архитектурно-строительного института, Туринского политехнического университета в г. Ташкент, Самаркандского государственного архитектурно-строительного института им. М.Улугбека, Бухарского инженерно-технологического института.

На конкурс поступило более 450 работ из 52 вузов 11 стран ближнего и дальнего зарубежья. Представители еще 6 стран примут участие в качестве членов жюри по оценке конкурсных работ.

Казахстан представят более 90 работ из 16 вузов, занявших призовые места в on-line республиканском конкурсе выпускных работ по номинациям «Бакалавриат» и «Магистратура», проведенном в рамках УМО РУМС МОН РК среди вузов, осуществляющих подготовку специалистов по направлениям «Архитектура», «Дизайн», «Строительство», «Производство строительных материалов, изделий и конструкций», «Инженерные системы и сети», «Транспортное строительство», «Геодезия и картография», «Кадастр и землеустройство».

Международный фестиваль-конкурс лучших выпускных работ в Ташкенте способствует повышению качества подготовки специалистов, поддержанию высокого уровня профессорско-преподавательского состава, а также воспитанию талантливой молодежи и реализации их технических проектов.

Участников Фестиваля ждут приятные сюрпризы. Это экскурсии по достопримечательностям г. Ташкент, поездки в города Самарканд и Бухару, посещение крупных университетов, ознакомление с неповторимыми памятниками архитектуры.

Желаем успешного проведения Международного фестиваля в Узбекистане и продолжения доброй традиции встречать старых друзей, обретать новые знакомства, обмениваться опытом, ставить новые цели и стремиться к дальнейшему повышению качества образования!

*Г.Б. Ибраимбаева,  
кандидат технических наук,  
председатель УМС по направлению  
«ПСМИиК», ассоц. проф.*



# АБАЙ СОВРЕМЕНЕН, АКТУАЛЕН И ВОСТРЕБОВАН



## ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Жыл сайын жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне тиіпті. Осыған орай, қазан айының 4-ші жұлдызы, «Ұстаздар күніне» ҚазБСҚА ұжымы бастамасымен, колледжбен лицей мұғалімдерін мерекелерімен құттықтап, осы күнге орай алғыс хаттармен марапатталды.

Жиын ректорымыз Е.Т. Бесимбаевтің бастамасымен мерекеге орай Алматы қаласы Білім Басқармасының білім беру жүйесінің Құрмет грамотасымен Ақдана Тұрсынхановна Ташимбетова, Айжан Уғутаевна Секенова, Айжан Бакбергеновна Жексембинова, Акмарал Махамбетовна Нүкеева, Мадина Ермековна Мусатаева марапатталды.

Алматы қаласы Бостандық ауданының әкімінің Алғыс хатымен Молдир Булатовна Оразимбетова және де Инкар Темиргалиевна Омарқұлова марапатталды. ҚазБСҚА президенті

А.А. Қусаиновтің Алғыс хатымен Ляззат Аманжоловна Смағұлова, Рауан Нурадильевна Аширбекова, Ақбота Кыргызбаевна Ибраимова, Гаухар Жайдаровна Пралиева, Назгум Махсумовна Айбахұнова марапатталды.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті - ұстаздардың қолында. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі еліміздің оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінші бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.

*М.Б.Оразимбетова,  
А.К.Ибраимова*

*ҚазБСҚА колледжінің проф. ассист.*



Студенты КазГАСА и преподаватели казахского, русского, английского языка с большим уважением приняли эстафету чтения стихов Абая от Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в честь 175-летия великого мыслителя и поэта Абая Кунанбаева.

30 октября студенты возложили цветы к памятнику поэта в г. Алматы, прочитав стихи Абая Кунанбаева. На мероприятии присутствовал гость из Индии. Студенты передали эстафету другим вузам.

В январе 2020 года состоится официальная церемония открытия юбилея великого Абая. Перу поэта принадлежит около 170 стихотворений и несколько поэм. Самым знаменитым произведением стала поэма «Слова назидания» («Қара сөздері») Абая, актуальность которых не утрачена по сей день! Назидания и притчи делятся на 45 частей, в которых Абай затрагивает проблемы истории, педагогики, морали и права.

В канун юбилейной даты пройдут просветительские, обучающие, развлекательные, познавательные акции. Это всколыхнуло интерес к творчеству Абая, его стали больше читать и цити-

ровать. В каждой семье казахстанцев появится томик его «Слов назиданий», люди будут перечитывать роман-эпопею Мухтара Ауэзова «Путь Абая». Ученый с мировым именем Каныш Сатпаев назвал эту эпопею «энциклопедией казахской жизни». Абай, переводя классиков русской, немецкой, английской и французской литературы, оставил это наследие своему народу, познакомив его с западной культурой.

Как яркий факел, Абай освещал своему народу путь к светлому будущему. Имя философа бессмертно, ведь путь поэта сливается с дорогой народа, его духовным возрождением. Его мудрость созвучна с современностью. Прикосновение к творчеству Абая пробуждает и дает всплеск новым чувствам и эмоциям, побуждает к самоанализу и очищению. Образ замечательного сына казахского народа Абая Кунанбаева привлекает внимание многих выдающихся писателей, художников и поэтов.

*С.Х.Садықанова,*

*А.О. Жакупова, Ж.К. Нурмахова,  
преподаватели ФООД*

## «Аман келешек» ИНКЛЮЗИВТІ ФЕСТИВАЛІ



2019 жылдың 19 қазанында ҚР Тұңғыш Президент Қоры Алматы әкімдігінің қолдауымен алтыншы рет «Аман келешек» инклюзивті фестивалі Балұан Шолақ атындағы Спорт сарайында өтті. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтендіруде ерекше балаларды қолдауға арналған фестивальде Алматы қаласы мен еліміздің басқа өңірлерінен 3 000-нан астам қатысушы жиналды.

«Аман келешек» балалардың инклюзивті мәдени-спорттық фестивалі Қазақстанда 2014 жылдан бері өтуде. «Аман келешек-2019» фестивалінің барлық бағдарламасы «инклюзия» ұғымын «әлеуметтік инклюзияға» дейін кеңейтуге бағытталған. Бұл фестивальге мүмкіндігі шектеулі балалар, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балалары, балалар үйлері мен интернаттардың тәрбиеленушілері, дарынды балалар, жас спортшылар, мектеп олимпиадаларының жеңімпаздары мен конкурс лауреаттары қатысты.

Осы фестивальды көрермен ретінде ҚазБСҚА жанындағы колледж оқушылары, яғни «Арх-19-1\*», «Арх-19-2\*», «КСЭЗС-19-1\*», «КСЭЗС-19-2\*» топтары өздерінің эдвайзерлері А.Шаяхметова, А.Б.Жексембинова, А.К.Ибраимова, Б.А.Рыскелдімен бірге тамашалады.

Фестивальдің негізгі мақсаты - қоғамның кең инклюзивті көзқарасын дамыту, бейімделу, әлеуметтену үшін жағдай жасау арқылы ерекше балаларға көмек көрсету. Бүкіл фестиваль - бұл барлық балалар үшін шектеусіз интерактивті ашық алаң. Мұнда балалар жаңа достар табуға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, байқауларға қатысуға, өздерінің шығармашылық дарындарына, спорттық шеберліктеріне қолданыс таба алады.

Іс-шара жас дарынды қазақстандықтар мен эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарламамен басталды. Концерттің шарықтау шегі жеке балалар мен хордың орындауында «Аман келешек» әнұраны болды. Салтанатты композиция барысында трибунаға «Самұрық» қағаз құстарын ұшырдық.

Фестивальдан ерекше әсер алып, тамаша көңіл-күймен қайттық. Балаларды мейірімділікке, тәрбиеге, қайырымдылыққа үйрететін осындай іс-шараларда алдағы уақытта өз үлесімізді де қоссақ деп ойлаймыз.

*А.Б. Жексембинова,  
ҚазБСҚА жанындағы колледж  
ассист. професс.*

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ДІНИ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

«Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу және оған қарсы күрес» аясында ҚазБСҚА Колледжінің 3 курс студенттерінің ортасында Алматы қалалық қоғамдық даму басқармасы мен колледж әкімшілігі бірлесіп, Қазан айының 7 жұлдызында ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізді. Колледж әкімшілігі, оқытушылары және студенттерінің қатысуымен өткен кездесуде Алматы қалалық қоғамдық даму басқармасы жанындағы діни экстремизмнің алдын алумен байланысты ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі және колледждің оқытушысы Мейрманов Аманжол Досжанұлы «Ұлттық мәдени және рухани мұраның діни экстремизмнің алдын алудағы маңызы» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы Еліміздің зайырлы мемлекет екендігіне назар аударта отырып, мемлекетімізде діни экстремизм және терроризмге қарсы күрестің ауқымдылығы жайлы айтты. «Қоғам тыныштығына қауіп төндіретін кез-келген әрекеттің заң аясында өкілетті органдар тарапынан қатаң жазаланатыны» және ҚР қылмыстық кодексінің 174 бабында діни алауыздықты туындатуға байланысты қарастырылған жазаның бар екендігін жеткізді. Сонымен қатар баяндамашы, Қазақстанда тиым салынған «Әл-Каида», Шығыс Түркістанның Ислам қозғалысы», «Талибан қозғалысы», «Хизбут Тахрир», «Таблиғи-Жамағат», т.б. халықаралық ұйымдардың бар екендігіне

және осы ұйымдарды негізгі уағыздайтын идеологиясы салафизм және уахабизм екендігіне көңіл аударды.

Салафизмнің радикалды ықпалына түсудің бір мысалы Шам өлкесіндегі қақтығыс аймағына Қазақстаннан 800 ден астам адамның баруы болса, ал «Жусан» операциясының аясында 524 адам елге қайта оралған, олардың 357-сі балалар, 137-сі әйелдер екен. Елге оралған адамдардың қасіретті естеліктерін мысал ете отырып баяндамашы жат идеологияның арбауына түсіп, шексіз қайғы-қасіретке ұрынған адамдардың өмірінен ғибрат алуға шақырды.

Радикалды діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастырудың бірден бір жолы ұлтымыздың тарихи-мәдени мұраларындағы рухани мән-мазмұнды жастардың бойына сіңіру екендігіне баса назар аударған баяндамашы, одан әрі колледж студенттерінің мамандығына сәйкес, ұлттық сәулет өнерінің тарихымен байланыстыра отырып, халқымыздың бай діни рухани мәдениеті жайлы ғылыми-танымдық әңгіме өрбітті. Қожа Ахмет Ясауи — исламдық құндылықтарға негізделген философиялық-этикалық ілімді қалыптастырған рухани тұлға. 14 ғасырдың соңында Жиһангер Әмір Темір өзінің рухани ұстазына зор құрметінің белгісі ретінде сәулет өнерінің ғажайып туындысы — Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салғызған.


Тарихи-мәдени нысандар ғибратының шығармашылық тұлғаны қалып-

тастырудағы өзектілігін ескеріп және осы тарихи-архитектуралық нысан біздің халқымыздың тарихи діни-мәдени дәстүрі айырықша байлығының күәсі екендігіне назар аударып, баяндамашы «бізге сырттан келген, жат діни ағымдардың деструктивті көзқарастарын таңуына мұқтаж еместігімізді» айтты. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі — неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол — ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» деген Елбасының «Болашаққа бағдар — рухани жаңғыру» мақаласындағы сөзі де осының дәлелі. Сопылық ілім Құран кәрім мен пайғамбар хадистерінен бастау алады. Қ.А. Ясауи ілімі түркі дүниетанымында, оның ішінде қазақ этикалық қағидалар мен ұстанымдардың қалыптасуында зор маңызға ие болды, сондықтан оның соңында қалған рухани және тарихи-архитектуралық мұрасының рухани им-

мунитетімізді қалыптастырудағы зор маңызы даусыз. Баяндама студенттердің қызығушылығын туғызып, сұрақтар қойылды және талқылауға ұласты.

Жиынды қорытындылаған колледж директорының міндетін атқарушы Сүлейменова Қымбат Қасымқызы: «Өзіреті Сұлтан кесенесі Ясауи ілімінің өміршеңдігінің үлгісі, халықтың рухани, діни, қоғамдық, әлеуметтік қажеттіліктеріне сайжан-жақты қызмет атқарып келген, елдіктің және мемлекетшілдіктің ордасы болған ғимарат. Бүгінгі еліміздің тәуелсіз даму жолына түсіп, халқымыздың рухани мұраларын зерттеудің өзектілігі артқан тұста оның — Ясауи ілімінің ашық кітабы ретіндегі танымдық-ғибраттық мәні арта түседі» дей келіп, Алматы қалалық қоғамдық даму басқармасымен колледж арасында байланыс орнатылғанын және болашақта жастарды жат ағымдардың ықпалынан сақтандырумен байланысты жұмыстардың жалғастырылатынын айтты.

*А.Д. Мейрманов, Н.С. Нүсіпалиев  
ҚазБСҚА жанындағы колледж  
оқытушылары*



## ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕЙ ЖАС!



**Құрметті Райхан Сальтаевна!**

*Сізді 50 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Сіз жас болсаңыз да, өзіңіздің еңбек етіп жүрген білім беру саласында білікті де білгір маман ретінде кеңінен танылдыңыз! Азамат көтеретін ауыр жүкті жауапкершілікпен арқалап жүрген сіздей нәзік жанға тілейтініміз — денсаулығыңыз мықты, еңбегіңіз елеулі, жүзіңіз жарқын, көңіліңіз тасқын, ғұмырыңыз ұзақ, табысыңыз толағай болсын!*

*ЖҚФ ұжымы атынан*

Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты, білім беру саласының майталманы — Имамбаева Райхан Сальтайевна биыл адамзат өмір жолының елеулі белесі — елуді тойлағалы отыр.

Аталған оқу орнының Жалпы құрылыс факультетін басқарғанына көп уақыт өте қоймаса да, Райхан Сальтайевнаны сәулет-құрылыс саласындағы көпшілік қауым бүкіл саналы ғұмырын білім саласын дамыту мен жас ұрпақты тәрбиелеуге арнап келе жатқан ұлағатты ұстаз, шебер маман, іскер басшы ретінде жақсы таниды.

Алғашқы еңбек жолын өзінің туған жері Петропавл қаласындағы Қарағанды политехникалық институтының филиалында ізденуші қызметінен бастайды. Жоғары білім саласында заманауи ғылыми ізденістердің де ауадай қажеттілігін сезінген жас маман Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының аспирантурасын ойдағыдай аяқтап, 2002 жылы 05.23.01 «Құрылыс конструкциялары, ғимараттар мен има-

раттар» мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты атағына ізденген диссертациясын табысты қорғап шығады. Оқу және ғылыми бағыттағы істерге шыңдалып, ізденістерден мол тәжірибе жинақтаған Райхан Сальтайевна өзі еңбек еткен білім ордасына қайта оралып ғылыми-зерттеу орталығының меңгерушісі, инженерлік құрылыс факультеті деканы қызметіне дейін көтеріледі.

2001-2015 жылдар аралығында Райхан Сальтайевнаның тікелей басшылығымен «Құрылыс» кафедрасының оқу-лабораториялық базасы құрылып, жаңа мамандықтар ашылады, магистратура және PhD докторантура мамандықтары бойынша лицензияларға кол жеткізіледі. Құрылыс саласы бойынша Бакалавриат және Магистратура білім беру бағдарламалары арнайы және халықаралық аккредитациялау шараларынан сүрінбей өтеді.

Еңбектің қайнаған ортасында жүріп, декандық қызметімен қатар, ҚР БЖҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің сәулет-құрылыс және дизайн

бағыттарындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің жауапты мүшесі қызметін де абыроймен атқарады. 2015-2019 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің сәулет-құрылыс факультетінің доценті қызметінде болады. Қазіргі таңда, Райхан Сальтайевна ҚазБСҚА жалпы құрылыс факультетінің деканы қызметінде. Жоғарыда аталып өткен еңбек жолдары - Райхан Сальтайевнаның өзіне сеніп тапсырылған

кез келген қызметтің тиянақты, мұқият орындалып, абыройлы жауапкершілікпен басқарғандығын паш етеді. Қоғам игілігіне еңбек еткен Райхан Сальтайевна тек басшы ғана емес, өзінің ғалым, ұстаз, тәрбиеші екенін де іс жүзінде дәлелдеп келеді.

Р.С.Имамбаеваның ұйымдастыруымен өткізілген республикалық, халықаралық деңгейдегі әртүрлі ғылыми тақырыптағы ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік семинарлар мен дөңгелек үстелдер, бакалавр және магистр дәрежесіндегі әртүрлі ғылыми ізденістер мен жұмыстарға жетекшілік, «Құрылыс» мамандығының әртүрлі дәрежедегі білім беру бағдарламаларын өңдеу жұмыстары, сәулет-құрылыс және дизайн бағыттарындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің белсенді мүшесі ретінде атқарылған сан алуан жұмыстары осы сөздерімізге дәлел.

Р.С.Имамбаеваның 40-тан астам ғылыми және әдістемелік еңбектері жарыққа шықты, оның ішінде ғылыми еңбектер, өнертапқыш патенттер де

бар. Өзінің білімі мен танымын үнемі жетілдіру жолында, Райхан Сальтайевна өзгемен қатар, өзіне де қатаң талап қоятын басшы. Білім беру сапасын қамтамасыз ету және жоғарылату, тұрғын үй шаруашылығындағы қуатты үнемдеу, модульдік-құзырлық шешім негізінде өңделген техникалық және кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, құрылыс саласына BIM технологияларды қолдану сияқты заманауи үрдістегі мәселелерді шешу бағытында отандық және шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасу жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізіп отырады.

Құрылыс саласында кадрлар дайындаудағы көп жылғы еңбегі мен елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің, Республикалық біріккен заңды тұлғалардың «Қазақстан құрылысшылары қауымдастығы» қоғамының, ҚР білім және ғылым министрлігінің құрмет грамоталарымен, әр жылдары Солтүстік Қазақстан қаласының әкімшілігінің, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының, БЖҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің сәулет-құрылыс және дизайн бағыттарындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің алғыс хаттарымен марапатталған. Сәулет-құрылыс мамандығы бойынша бакалавр және магистр дәрежесіндегі білім алушылар арасында өткізілген «Легендарный преподаватель» сайысының жүлдегері болған.

*Жалпы Құрылыс факультеті  
ұжымы атынан  
А.А.Дубинин, т.ғ.к.,  
Б.А. Ажғалиева, т.ғ.м.*

## Искусство как источник духовной энергии

Каждое посещение Государственного музея искусств им.А.Кастеева – это событие, своего рода культурный шок. Вот и в этот раз студенты группы ТДО-18-1\*, РПЗС-19-6\*АРХ-19, ФСТИМ-19 КазГАСА ознакомились с новой экспозицией художественного музея, увидели картины и экспонаты, являющиеся гордостью национальной и мировой культуры, представленные в 14 залах. Коллекция музея достигла порядка 25 тысяч предметов искусства. Интересна этническая экспозиция музея с национальными коврами (текеметы, алаши, сырмаки), казахскими ювелирными украшениями из серебра, перламутра, изделиями из дерева и кожи.

Художественная школа Казахстана представлена именами известных мастеров разных поколений. Об этом студенты беседовали с искусствоведами. Коллекция произведений казахстанского изобразительного и прикладного искусства является результатом планомерной работы – при ее создании отбирались предметы народного прикладного искусства, отражающие уклад жизни казахов с древности.

Высоким художественным вкусом и мастерством отмечены все виды художественного ремесла – ткачество, вышивка, войлочные изделия, резьба по дереву и кости, конское снаряжение, искусство зергеров. В залах изобразительного искусства Казахстана можно

проследить историю становления и развития станкового искусства. Художественная школа Казахстана представлена именами известных мастеров разных поколений: А. Кастеев, И. Исмаилов, А. Черкасский, Л. Леонтьев, К. Тельжанов, А. Галимбаева, С. Мамбеев, Х. Наурызбаев, А. Айтбаев, А. Садыханов, Е. Мергенов, Т. Тоғусбаев и др.

Богатая коллекция произведений художников союзных республик включает работы прославленных мастеров кисти – это П.Филонов, П.Кузнецов, К.Редько, О.Розанова, С. Сарьян, У.Тансыкбаев, С.Коненков, М. Асламзян, Г.Айтиев и др.

Полотна, экспонируемые в залах русского искусства, отражают историю искусства России с XVIII по XX вв. и прослежена в работах Ф. Рокотова, Д.Левицкого, К.Брюллова, И.Репина, И.Крамского. Коллекция западноевропейского искусства включает подлинные произведения мастеров XVI-XIX вв. 4-х крупнейших школ: итальянской, голландской, фламандской и французской – Камбиазо, Саверея, Дюге, Остаде, Коро, Добиньи, Гудона, Куазево. Экспозиция искусства стран Востока представляет искусство Индии, Китая, Японии, Кореи, а также произведения дунганских, уйгурских, тибетских мастеров, важнейшими видами – бронзой, резьбой по дереву и камню, лаковыми изделиями, вышивкой, фарфором, керамикой.



В зале А.Кастеева студенты смогли увидеть картины, запечатлевшие историю и культуру нашего народа в XX

веке, которые дарят нынешним поколениям духовную энергию.

*Преподаватели ФООД*

## СПОРТ ЕЛДІҢ МЕРЕЙІН АСЫРЫП, АБЫРОЙЫН ТАСЫТАТЫН САЛАСЫ

Спортты насихаттау мақсатында академиямыздың 1,2-курс студенттері арасында жыл сайынғы дәстүрлі түрде өткізілетін Президенттік сынаққа дайындық атты спорттық шара ұйымдастырылып өткізілді. Шараға 1502 студент қатысты. Сынаққа қатысушылар арасында жоғары нәтижеге қол жеткізген студенттер де бар.

Ұлдар арасында ұзындыққа секіруден ұлттық тестің көрсеткішін көрсеткендер: Әлижан Ажиханұлы Стр-18-2,



Ильяс Жумаханов ПСМИК-19-1, Николай Ковалденко Стр-18-7. Кермеге тартылудан ұлттық тестің көрсеткішін көрсеткендер: Асқар Утеулин Арх-18-5, Руслан Усманов ПСМИК-18-3, Аяжан Алибек Диз(ДМ)-19-3.

Қыздар арасында ұзындыққа секіруден ұлттық тестің көрсеткішін көрсеткендер: Асель Амиргалиева АЖИ ОЗ-19-7, Арина Болатова АЖИ ОЗ-19-9, Динара Маут ФОС-18-5\*.

Кеудені көтеріп түсіру (пресс) ұлттық тестің көрсеткішін көрсеткендер: Еркеназ Муратова Диз(ДМ)-19-3, Ақерке Болатбекова ФА-18-3\*, Аяжан Алибек Диз(ПД)-19-2\*.

*С.К.Калиякбарова,  
ЖББП профессор ассистенті  
И.В.Югай, ЖББП ассоц. проф.*

## ПОЭЗИЯ, ВЛАСТИТЕЛЬ ДУМ И ЧУВСТВ

В рамках Недели, посвященной Дню языков народа Казахстана, преподаватели казахского, русского, английского языка совместно со студентами провели конкурс выразительного чтения стихов на английском языке, интеллектуальную игру «Кто сильнее» на казахском языке, встречу за круглым столом на тему «Поэзия – властитель языка» на русском языке.

Конкурс выразительного чтения стихов дал возможность студентам 1-2 курсов всех факультетов продемонстрировать знание и любовь к поэзии, звучали стихи на разных языках. Выразительное чтение было показателем культуры речи, а глубокие по смыслу стихи – мировоззрения и позиции чтеца.

Участие в интеллектуальной игре «Кто сильнее?» для студентов общеобразовательного факультета и факультета строительных технологий, инфраструктуры и управления стало творческим экзаменом на логическое мышление, знание и стремление к изучению казахского языка, позволив расширить активный словарь и кругозор. Любовь к слову, чувство патриотизма опровергли бытующее мнение, что молодежь увлечена только гаджетами и новыми технологиями. Студенты доказали, что хорошо разбираются в классической литературе, истории, культуре и традициях. Игра состояла из пяти эпизодов: «Вопросы и ответы», «Давайте играть», «Верно и не-

верно», «Что это?», «Легкое пение». Ответы были точными, лаконичными, полными. Студенты показали умение работать в группе, быстроту и остроту мышления.

Встречу за круглым столом на тему «Поэзия – властитель языка» провели студенты группы ЭМС 19-1\*, СТР-18-1\*, ПСМиК18-1\*, ФОС 19-5\*, подготовив интересные презентации, прочитав стихи, исполнив песни из сокровищницы Абая, Пушкина, Гете. Тон этой теме задал видеоролик «Кюй Курмангазы». При обсуждении тем «Абай Кунанбаев способствовал распространению русской и европейской культуры среди казахов», «Лишь знанием жив человек, Лишь знанием движется век! Лишь знание – светоч сердец!», «Абай – мастер слова, точно передающий движение души человека», «Абай – прекрасный переводчик произведений Гете, Пушкина», «Поэзия – властитель языка» молодые исследователи показали свой творческий потенциал, умение анализировать и ставить проблемы.

*Преподаватели ФООД*

## HALLOWEEN TRICK-OR-TREATING

23 октября в рамках празднования HALLOWEEN кафедра иностранных языков лицея при КазГАСА организовала конкурсы плакатов и тыков.

Студенты лицея дали волю своей фантазии, порадовав яркими идеями, творческими находками. Креативное отношение к заданиям конкурса вылилось в работы, выполненные в разных техниках исполнения: графика, аппликация, лепка и др. Дополнили праздник встречи в разговорном клубе на английском языке с преподавателем из США и киноклубе. Состоялся розыгрыш подарков на Instagram-страничке лицея. Лицейсты 6 «А», 6 «Б», 6 «В» классов оригинально оформили фото-зоны под руководством С.Ш. Гусеновой, Ж.А. Тураповой, Г.К.Баясиловой и при поддержке родителей. Старшие классы порадовали своими стенгазетами, ученики 7 «А» класса прекрасно оформили лицей по тематике. Завершилось мероприятие традиционным чаепитием и дискотекой.

Надо сказать, что праздник Хэллоуин имеет интересную историю, его название – это сокращение от All Hallow Even, означающем «канун всех святых». Праздник уходит к временам

кельтов в Ирландии, где его называли Самхайн и ассоциировался он со сбором урожая и отмечался язычниками. С 19 века он известен в Америке, а с 20-го получил распространение и в других странах.

Главная забава Хэллоуина, trick-or-treating – это трюк или угощение, сладость или пакость, когда дети надевают различные костюмы и ходят к соседям, крича «trick-or-treating», за это их угощают сладостями. «Halloween» служит страноведческому подходу в обучении иностранному языку, развивает мотивацию к изучению иностранного языка, к знанию обычаев и традиций народов, вовлекая студентов в исследовательскую и творческую деятельность.

*А.Т. Ташимбетова, А.У. Секенова,  
М.Б. Оразимбетова, ҚазБСҚА  
жанындағы колледждің ұстаздары*

